

**Тақырыбы:** «Күрес және қарсы әрекет»

**Мақсаты:**

«Сыбайлар-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлыш түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Такырыптық слайд, бейнебаян.

**Түрі:** Дөңгелек үстел

**Дөңгелек үстелдің барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Мига шабуыл
3. «Сұрак-жауап» ойыны
4. Түсініктеме беру
5. Тренинг
6. Сұрак-жауап
7. Қорытынды

**Сабактың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

- Сыбайлар-жемқорлық деген не?

( пікірлер тыңдалады)

**II. Мига шабуыл:** сыйбайлар жемқорлыққа байланысты «СТОП Коррупция!» видеоролигі көрсетіледі(роликтегі жағдайды ортаға салып талқылайды, сыйбайлар жемқорлыққа анықтама береді, постер немесе кластер жасайды да қоргайды)

**Ассоциация:**

“Сыбайлар-жемқорлық” деген “парага сатып алу”, “пара” ретінде, “corruptio” деген латын сөзін алғып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ “corruptire” түсінік болған, ол жалпы сөзben айтқанда “сындыру, бұлдіру, бұзу, закымдау, жалғандау, парага сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыйбайлар-жемқорлықты паралайт алу, лауазымды адамдардын, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайтын.

КР “Сыбайлар-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыйбайлар-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “...мемлекеттік міндеттерді орындаудын адамдар, сондай-ақ соларға

төңелген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін занмен қарастырылмаған мүліктік жайлышты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлышты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”.

### **III. «Сұрақ-жаяуп» ойыны:**

1. Пара беру дегеніміз не?
2. Пара мен сыйлықтың айырмашылығы кандай?
3. Сыбайлас жемкорлық дегенімізді қалай түсінесіндер?
4. Сыбайлас жемкорлық жайлыш мәліметтерді қайдан білесіндер?

**IV. Түсініктеме беру:** Біз мүлде жана қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жана қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі курделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтілік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрган мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, аткарылып жатқан жұмыстар да барышылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапкан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазакстанның бүгінгі күнгі курделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да катты алаңдататыны анық. «Сыбайлас жемкорлық» деген түсінік магынасына этимологиялық карау мұны «парага сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алғып, анықтауга мүмкіндік береді. Рим күкірьинде сондай-ақ «corruptire» түсінік болған, ол жалпы сөзben айтқанда «сындыру, бұлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, парага сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа карсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен тұрашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жаксы білеміз.

Қазакстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсөткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікіт асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа деддал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған корытындысы немесе кәте аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған корытынды беруге не кәте аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындау, осында қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Қазіргі тандағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келенсіз құбылыстың үдең бара жатқаны үрпак тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл

мәселеге теренірек үнілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлken зиянын тигізеді. Яғни, осы келенсіз құбылыспен куресу барша халықтың алдында тұрган ортак мәселе екені айқын.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы» Зандалабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсірсө, халық парапорлық дертімен жи бетпе-бет келеді. Сондыктан, кез келген ортада пара беру мен пара алуудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен курес ең өзекті мәселелердін бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жокқа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондыктан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен куресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жок. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерптің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын колдану арқылы ғана бұл құбылыска тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Қоғамдағы көкейтесті мәселе болып, өзек жарды проблемага айналып отырған сыбайлас жемқорлық – ел ішине білінбей кірген індеп секілді. Баяулап, кадамын ақырын басып, анықтыққа жетелейін деді де. Ал біздің осы жауга қарсы қолданар қаруымыз – қоғам. "Қоғам – өмірдің айнасы" дейміз ғой. Айналамыз таза болса, өзіміздің әсемдігіміз еріксіз байқалады. Сондыктан да қоғам қарсы болса, жай емес, тегіс қарсы болғанда ғана бұл індепті жоймақтыз. Бұл індепті жою міндет бізге. Жемқорлық қоғамға ғана залалын тигізіп қоймайды. Сенің өмірінді құрдымға жіберер кесапат. Қоғамдағы болып жатқан әр түрлі көрініс болсын, соның бір картинасы жемқорлық деп елестетуге болады. Тіпті, оның өзі үлken бір сала болып алғандай. Сала дейміз-ау! Ишінара тармактарға да бөлініп кеткен. Білім саласындағы жемқорлық, құқық саласындағы жемқорлық тағысын-тағы. Акпарат тасқынында судай бұркырап ақкан бұл кесапатқа жоламауды, оны жолатпауды көздейік. Кінәлі адамдардың қылмысын әшкере ету де жемқорлықтың алдын алу болып табылады. Бұл шағым сіздің жемқорлықпен құресуініздің куәгеріндей. Әрі сіздің азаматтық тұлғалық міндеттіңіз. Занда көрсетілген жемқорлық жайлы фактілерді оки отырып, түбегейлі танысып көргеніміз артық болмаса, кемдік емес. Өркениетті дамытқысы келетін, ортасын құрметтейтін әр азаамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті камтамасыз етуге мүдделі. Әрі ол кісінің басты парызы. Ауқымы жылдан-жылға ұлғайып, қоғаммен бірге өркендереп, етек жайып, етене сіңсіп келе жатқан бұл кеселдің тереннен қулаш жаймауына өз үлесімізді қосуымыз, тосқауыл болуымыз зор міндеттердің бірі. Біздің мемлекетіміздің кемістігі осы қоғамды шарпып жатқан кеселдер болса керек. Өкінішке орай, есімі аталатын бұл кеселдің белен алуды кәдуілгі мемлекеттегі ішкі бұлік секілді көрінетіндей. Қазіргі таңдағы қарастырылатын, қарастырылуы керек, қарастырылар үлken жүйелі мәселеге айналып отырған дауасыз дерт. Сондыктан біртұтас қоғам ретінде біз де жүйелі жауап қатуымыз құба-құп. Айтылып жатқан бұл кеселден қашық болуымыз шарт. Елдің, халықтың құйреуіне әкелетін, мемлекет беделіне дақты түсіретін осы кеселді жою үшін бес-алты ай жеткіліксіз. Оған көп уақыт талап етіледі. Түп қазығын балетоман шурупы тастанында әрекет жасауымыз да қағида. Жемқорлық ішінара дамуды тежейтін теория. Тұбі жок терен шынырау десек те болады.

Жемқорлықтың көріністерін атап айттар болсақ, қоғамдағы пара алу не үрлау, қызметтік жағдайды асыра пайдалану проблемалары. Мұндай жағдайларды бей-жай калдырмау қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құреске жұрт болып жұмыла қарсы түру қажет.

Сыбайлас жемкорлыктың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-паракорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындей, үлкен қылмыс ретінде саналатында жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет.

Паракорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, занылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен занды мұдделеріне қысымшылық жасайды.

Паракорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Қандай да болмасын «қолы да, жолы да үзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, зансыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық корғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп кара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, енсесі биік дамыган мемелекеттердің катарына жетуді көздең отырған шакта сол адами қалып-парасат бійгінен көрінуге тиіспіз.

## *VI. Сұрақ-жаян:*

1. Мұғалімге мерекелерде гүл шоктарын сыйлау жемқорлықка жатады ма?
2. Емделіп болған науқас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлықты ( гүл, сагат, портрет.....) сыйласа жемқорлыққа жатады ма?
3. Жоғарғы оку орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасаса, бағалы сыйлық әперсе, жемқорлыққа жатады ма?
4. балабакша
5. Нашақорлық дамып бара жатыр, себебі шетелдерден әкеледі, кейбір кедендер өз жұмыстарын жауапты орындамай, заң бұзушылыққа барады. Бұл жемқорлыққа жата ма?

## *VII. Қорытынды: Сыбайлас-жемқорлықты қалай жоюға болады ?*

- Пара бермеу және алмау.
- Максаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншілігінмен жетуге тырыс